



БҰЙРЫҚ

№ 09.01.2023 ж.

Жезқазған қаласы

ПРИКАЗ

№ 4-4

город Жезказган

**Жезқазған қаласы білім беру
ұйымдарының оқушыларын
ыстық тамақпен қамтамасыз
ету туралы**

Ұлытау облысы білім басқармасының 2022 жылғы 26-желтоқсандағы «Ұлытау облысының білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жезқазған қаласы білім бөлімі ұйымдарына:

- 1) 2023 жылғы 9 қаңтардан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақтану құны 500 теңге болып бекітілсін.
 - 2) 1-4 сынып білім алушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.
 - 3) Білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты тағамдарды, сондай –ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.
 - 4) Қалалық және ауылдық жерде орналасқан білім беру ұйымдарының асханаларында ата-аналар төлемі есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма – қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылсын.
- 2.** Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет – ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы Г.Райсоваға жүктелсін.

**Жезқазған қаласы
білім бөлімінің басшысы**



Ж.Е.Альмаганбетов

Орын: Райсова Г.С.
тел: 87774878213